

**Абишева Гульнара Кайдаровнаның 6D020500 – «Филология
(қазақша)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми
дәрежесін алу үшін «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы
ономастикалық кеңістік» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
АҢДАТПА**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Ұсынылып отырған диссертацияда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігі лингвопоэтикалық тұрғыда зерттеледі және зерттеу тақырыбының өзектілігі ашылады. Себебі ақын шығармаларындағы ономастикалық жүйе алғаш рет кешенді әрі толық сипатталып отыр. Жалқы есімдер көркем дискурстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде автордың дүниетанымын танытып, лингвопоэтикалық, мәдениеттанымдық және антропоцентристік тұрғыда кешенді қарастыруды талап етеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары мазмұндық тереңдігімен, тарихи-мәдени деректерге байлығымен және ұлттық рухани дәстүрлермен сабақтастығымен ерекшеленеді.

Ақын туындыларында антропонимдер, топонимдер, этнонимдер және мифтік-діни атаулар арқылы халықтың дүниетанымы көрініс тауып, онимдер мәтіннің семантикалық құрылымын тереңдететін маңызды поэтикалық құрал қызметін атқарады. Ономастикалық лексика көркем бейнелеу мен авторлық идеяны жеткізудің негізгі қабаты болып табылады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы ономастикалық кеңістік кісі есімдері, географиялық атаулар және мифологиялық-діни ұғымдар арқылы көркем бейнеленіп, метафора, символ және көркем тілдік өрнектермен ұштасады. Бұл ақынның поэтикалық тілінің мәнерлілігін арттырады.

Ақынның «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» еңбектері мен «Гүлшат-Шеризат», «Шайтанның саудасы», «Ғибратнама», «Баяннама» сияқты дастандары оның шығармашылық мұрасының кеңдігін көрсетеді.

Осы тұрғыда Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістікті зерттеу авторлық концепцияны, ұлттық мәдениет пен тарихи жадыны айқындауға, сондай-ақ онимдердің семантикалық, құрылымдық және функционалдық ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы жалқы есімдер.

Зерттеу пәні – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастиконның функционалдық-семантикалық ерекшеліктері.

Диссертациялық зерттеу дереккөздері: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалары

Зерттеудің мақсаты – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары ономастиконына лингвопоэтикалық аспектіде кешенді талдау жасау және ақынның жеке авторлық әлем бейнесіндегі онимдердің рөлін айқындау.

Зерттеу міндеттері:

- поэтоним, ономастикалық кеңістік, ономастикалық өріс ұғымдарының мазмұны нақтылау, оларды лингвомәдени, когнитивтік және прагматикалық аспектіде сипаттау;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы антропоэтонимдердің құрылымдық-семантикалық және коннотациялық жүйесін талдау, мифтік, діни, тарихи және киелі прецеденттік антропоэтонимдердің авторлық дүниетаным мен ұлттық мәдени ерекшелікті танытудағы қызметін анықтау;

- Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топоэтонимдердің ұлттық-мәдени уәжділігін ашу, ойконимдер, оронимдер және гидронимдердің семантикалық әлеуетін, символдық сипатын және көркем мәтіндегі қызметін жүйелеу;

- поэтонимдердің көркем мәтіндегі лингвостилистикалық және функционалдық сипатын айқындау, олардың мәтіндегі мазмұнды жеткізудегі және авторлық идеяны танытудағы рөлін көрсету;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ономастикалық жүйесі арқылы ақынның тілдік тұлғасы мен дүниетанымдық моделін сипаттау, жалқы есімдердің ұлттық сана, рухани мәдениет және тарихи-мәдени сабақтастықты бейнелеудегі поэтикалық қызметін тұжырымдау.

Зерттеудің жетекші идеясы – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістікті лингвопоэтикалық тұрғыдан қарастыру арқылы жалқы есімдердің ақынның дүниетанымын, ұлттық мәдени құндылықтарды және тарихи-рухани тәжірибені бейнелеудегі рөлін айқындау. Ақын шығармаларындағы онимдер тек атау қызметін атқаратын тілдік бірліктер емес, көркем мәтінде семантикалық, стилистикалық және мәдени мағына жүктейтін поэтикалық таңба ретінде қызмет етеді. Олар мәтінде ұлттық дүниетанымды, діни-мифологиялық түсініктерді және тарихи жадты бейнелейтін күрделі лингвомәдени құрылымдар жүйесін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларының ономастикалық кеңістігі ақынның жеке авторлық әлем бейнесін танытатын маңызды лингвопоэтикалық модель болып табылады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін жалпы ономастика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады (Н.В. Подольская, А.В. Суперанская, В.И. Супрун, В.А. Никонов, Ю.А. Карпенко және т.б.); көркем мәтіндегі жалқы есімдердің қызмет ету ерекшеліктеріне арналған зерттеулер (О.И. Фоякова, Ю.А. Карпенко, С.И. Зинин, В.Н. Топоров, Э.Б. Магазинник және т.б.); қазақ ономастикасының теориялық, этномәдени, лингвокогнитивтік және функционалдық қырларын қарастырған ғылыми еңбектер (Т. Жанұзақ, Е.А. Керімбаев, Г.Б. Мәдиева, С.Қ. Иманбердиева, Қ.Қ. Рысберген, Б.М. Тілеубердиев, Г.М. Әзімжанова және т.б.); прецедентті есімдер, тілдік тұлға, этномәдени атаулар мен мәдени семантика мәселелеріне арналған зерттеулер (Ю.Н. Караулов, В.И. Карасик, Ж.А. Манкеева, С. Қондыбай және т.б.); сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының тілі, стилі, рухани-мәдени лексикасы мен көркемдік әлеміне арналған еңбектер (Қ. Мәшһүр-Жүсіп, А.Қ. Тұрышев, Е.Қ. Жүсіпов және т.б.).

Осы еңбектердегі теориялық тұжырымдар мен әдіснамалық ұстанымдар Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістіктің құрылымдық, семантикалық, функционалдық және лингвомәдени ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға негіз болды.

Зерттеу әдіснамасы мен әдістері. Зерттеу жұмысында тілдік материалды лингвистикалық тұрғыдан талдау лингвомәдениеттанымдық бағыттағы байқаулармен ұштастырылды. Зерттеудің алғашқы кезеңінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының мәтіндерінен тұтас іріктеу әдісі арқылы ономастикалық бірліктер анықталып, жинақталды.

Екінші кезеңде алынған материалдарға биографиялық, сипаттамалы және контекстуалдық талдау әдістері қолданылып, анықталған ономастикалық бірліктерге интерпретация жасалды, олар типологиялық тұрғыдан жіктеліп, жүйеленді. Сонымен қатар ақын шығармаларындағы ономастикон құрылымын анықтау мақсатында өрістік модельдеу әдісі пайдаланылды.

Зерттеудің үшінші кезеңінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістікке функционалдық талдау жүргізілді. Бұл талдау стилистика мен лингвистикалық поэтикаға тән дәстүрлі әдістерге сүйене отырып, лингвомәдениеттанымдық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеу базасы. Торайғыров университеті (Павлодар қ.), ҚР Ұлттық кітапханасының диссертациялық залы (Алматы қ.).

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігі лингвопоэтикалық тұрғыдан жүйелі құрылымға ие күрделі семантикалық жүйе болып табылады. Бұл жүйеде жалқы есімдер тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, көркем мәтінде мәдени, когнитивтік және прагматикалық мағына жүктейтін поэтикалық таңба ретінде көрінеді;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық поэтикасының ерекшелігі ақынның исламдық дүниетанымына, діни-ағартушылық көзқарасына және қазақтың рухани-мәдени дәстүрлерімен сабақтасқан танымдық ұстанымдарына негізделеді. Ақын шығармаларындағы ономастикон діни, тарихи және мифологиялық онимдер арқылы көркем мәтінде рухани-мәдени мағыналарды бейнелейтін, исламдық құндылықтар мен ұлттық дүниетаным арасындағы сабақтастықты танытатын маңызды лингвопоэтикалық құрал ретінде қызмет атқарады;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының ономастикалық кеңістігі өрістік модель негізінде сипатталады. Бұл жүйенің ядросын жиілігі жоғары және семантикалық тұрғыдан мазмұнды антропоэтонимдер мен топоэтонимдер құрайды. Аталған онимдер ақын шығармаларында тарихи, діни және мәдени мазмұнды жинақтайтын негізгі ономастикалық бірліктер ретінде көрінеді;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы поэтонимдер көркем мәтінде тек атауыштық қызмет атқаратын тілдік бірліктер ғана емес, сонымен қатар поэтикалық мазмұнды тереңдетіп, авторлық идеяны жеткізетін

маңызды лингвостилистикалық және функционалдық құрал болып табылады; олардың контекстік қолданысы мен семантикалық реңктері ақынның дүниетанымын, ұлттық-мәдени және діни құндылықтарға негізделген авторлық концепциясын танытатын лингвопоэтикалық көрсеткіш қызметін атқарады;

- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында жиілікпен кездесетін діни, тарихи және географиялық поэтонимдер (Алла, Пайғамбар, Мұхаммед, Қызыр, Мекке, Мәдина, Қағба, Ертiс, Еділ, Жайық, Сарыарқа және т.б.) ақынның ономастикалық кеңістігінің өзегін құрай отырып, поэтикалық мәтінде полисемантикалық әрі құрылымтүзуші қызмет атқарады; олар тарихи жадыны, діни-рухани құндылықтарды және ұлттық кеңістік концептісін тоғыстырып, ақынның дүниетанымын бейнелейтін лингвопоэтикалық модель ретінде көрінеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық жүйе лингвопоэтикалық тұрғыдан алғаш рет кешенді қарастырылып, поэтонимдердің семантикалық, стилистикалық, мәдени және функционалдық ерекшеліктері анықталып, олардың құрылымдық тұтастығы мен көркемдік қызметі айқындалды, бұл ақынның ономастикалық кеңістігін сипаттауға және қазақ әдеби ономастикасын толықтыруға мүмкіндік береді.

Жұмыстың теориялық маңызы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы ономастикалық кеңістікті зерттеу көркем мәтіндегі жалқы есімдердің қызметін терең түсіндіруге, поэтонимдердің семантикалық, стилистикалық және функционалдық ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ ономастикон құрылымы арқылы ақынның дүниетанымы мен идиостилін кешенді сипаттауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы оның теориялық тұжырымдары мен талдау материалдарын жоғары оқу орындарында оқытылатын әдеби ономастика, көркем мәтінді лингвистикалық талдау, қазақ әдеби тілінің тарихы, қазақ поэзиясының тілі, сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы бойынша арнайы курстар мен практикалық сабақтарды дайындау барысында пайдалануға болатындығымен айқындалады.

Зерттеу жұмысының талқылануы мен жариялануы.

Зерттеу тақырыбы бойынша – 11 ғылыми мақалалар жарияланды. ҚР ЖБЖҒМ БЖҒСБК ұсынған басылымдарда – 4, шетел және отандық халықаралық басылымдарда – 6, Skopus базасында – 1.

1. Әбішева Г. К., Тұрышев А.Қ. Көркем мәтін ономастикасы мәселесі // ПМУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 4. 2019. – 419 б. (49-58 б.б.)

2. Әбішева Г. К., Абзулдинова Г.К., Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы топонимикалық кеңістік //Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 1. 2022. – 419 б. (32-40 б.б.)

3. Әбішева Г. К., Карипжанова А.О., Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жалқы есімдердің реминисценттік қызметі // ПМУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 3. 2023. – 403 б. (65-76 б.б.)

4. Әбішева Г. К., Тұрышев А.Қ Көркем мәтіндегі мифтік антропонимдер және оларды зерделеудің кейбір аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің. Филологиялық сериясы. № 1. 2019. – 285 б. (92-97 б.б.)

5. Әбішева Г. К., Тұрышев А.Қ. Мақал-мәтелдердегі сандар сыры әлеуметтенуі // ПМУ хабаршысы. Филологиялық сериясы. № 4. 2019. – 406 б. (229-234 б.б.)

6. Әбішева Г. К. Тұрышев А.Қ. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы діни антропонимдер // Тіл және әдебиет: теориясы мен тәжірибесі журналы. Филологиялық сериясы. № 4. 2023. – 147 б. (6-22 б.б.)

7. Әбішева Г. К. Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы мифтік антропонимдер// Халықаралық ғылыми-практикалық конференция «ХІІ Торайғыров оқулары». 2020. – 389 б. (290-296 б.б.)

8. Әбішева Г. К. Шығармалардағы антропонимдер поэтикасы // Жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының «ХVІ Сәтбаев оқулары» атты халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. 2018.– 458 (322-327 б.б.)

9. Әбішева Г. К., Киналган Ж. Мифические антропонимы в произведениях М.Жусупа // Материалы XIV Международной конференции/ Природные условия, история, культура и язык западной монголии и сопредельных регионов. Монголия. г. Ховда. 2019. – 290 (201-208 б. б.)

10. Actant Models of Kazakh Anthroponyms-Composites with Substantive and Verb Components Zifa Temirgazina, Gulnara Abisheva, Rumaniyat Aselderova. Vol. 72 No. 1 (2024): NAMES: A Journal of Onomastics.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен.